



Әбсаттар қажы Дербісәлі

ҚАЖЫЛЫҚ САПАР — ҚАСИЕТТІ ПАРЫЗ

Қасиетті Рамазан айы аяқталысымен әлем мұсылмандарының алдында Исламдағы бес парыздың бірі – қажылықты орындау мақсаты тұрады. Бұған республикамыздың мұсылмандары да қосылып, өздерінің ниеттерін білдіре бастайды. Осыған байланысты Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жылдағы әдетпен бұл жауапты да маңызды діни шараның дайындығына ерте бастан кіріскен болатын.

Қажылық сапар — қасиетті парыз

Қасиетті Рамазан айы аяқталысымен әлем мұсылмандарының алдында Исламдағы бес парыздың бірі – қажылықты орындау мақсаты тұрады. Бұған республикамыздың мұсылмандары да қосылып, өздерінің ниеттерін білдіре бастайды. Осыған байланысты Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жылдағы әдетпен осынау жауапты да, маңызды діни шараның дайындығына ерте бастан кіріскен болатын.

Шілде айында Сауд Арабиясы Корольдігінің қажылық істері жөніндегі министрі Абд ас-Салам әл-Фарисидің шақыруы бойынша қажылыққа қатысты мәселелерді талқылау үшін құрамында Қазақстан Үкіметі жанындағы діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі Кеңес хатшылығының меңгерушісі Аманбек Мұқашов, Қазақстан қажылары қауымдастығының төрағасы Марат Сәрсенбаев, “AIR-ASTANA” әуе компаниясы вице-президенті Азат Бектұров бар арнайы делегация Бас мүфтидің бастауымен Корольдікке іссапармен барып қайтты.

Делегация Сауд Арабиясы Корольдігінің қажылық министрлігіне қарасты “Көлік кәсіподағының” президенті Мұхаммед Зикрия бен Хасан Жауһаржи, “Біріккен өкілдіктер кеңесінің” президенті Фарук Салих Абу Зайд, “Түркия, Америка, Еуропа және Австралия қажылары” басқармасының президенті Абдулла бен Омар Аладдин мырзалармен және Мадина қаласындағы “Гидтер қауымдастығының” басшылығымен кездесіп, Жидда әуежайында қазақстандық қажыларды қарсы алу, республика қажыларын Мекке, Арафат, Мина жерлеріне тасымалдау мәселелерін талқылап, Қазақстаннан келетін туристік фирмалармен бірлесе жұмыс істеу жайын анықтаған соң, дінбасы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мен Сауд Арабия Корольдігінің қажылық министрлігі арасындағы келісім-шартқа қол қойды.

Осы кездесу барысында Саудия тарапы 2006 жылғы қажылықты ұйымдастырудағы кейбір өзекті мәселелермен таныстырып, Қазақстан тарапынан келетін туристік фирмалардың іс-әрекетіне баға беріп, кейде олардың кейбірінің талап деңгейінен шыға бермейтіндіктерін де атап өтті. Мәселен, өткен жылы “Аф-аф” деп аталатын фирма “Сауд Арабиясының қажылық министрлігімен тікелей келісім-шартқа тұрдық, Қазақстан қажыларының барлығын біз апарамыз” деп елді дүрліктіріп, мұсылмандар арасында түсінбестік туғызған. Ал шын мәнінде мұндай фирма Сауд Арабиясының қажылыққа қатысты құзырлы мекемелерімен ешқандай қатысы жоқ болып шықты.

Қажылықты ұйымдастыруға байланысты Сауд Арабия Корольдігінің құзырлы мекемелерімен жасалған келісім шарттарды жүзеге асыру мақсатымен 2005 жылғы 2 қыркүйекте ҚР Үкіметі жанындағы діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі Кеңес хатшылығында қажылықты ұйымдастыруға мүдделі мемлекеттік ұйымдардың және қажылықты ұйымдастыруға ниет білдірген туристік компания басшыларының қатысуымен мәжіліс өтті. Онда 2006 жылғы қажылыққа байланысты Сауд Арабия қажылық министрлігі мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының талаптары нақты түсіндірілді. Мәжіліс қорытындысы бойынша қажылықты ұйымдастыру ҚМДБ арқылы жүзеге асырылатындығы және аталмыш іс-шараны ұйымдастыруға ниет білдірген туристік фирмалар Діни басқарма арқылы және оның қойған талаптарына сай қызмет етуі тиістігі туралы шешім қабылданды. Осыған орай ҚМДБ туристік фирмаларға қажылық жұмысты жоғары деңгейде ұйымдастырып, болашақ қажылардың тұрмыстық жағдайын, денсаулықтарын қадағалау мәселелерін шешу туралы және республика атына кір келтірмеу жөнінде міндеттеме жүктеп, қажылықтың талап деңгейіне лайық атқарылуы қажеттігін түсіндірді. Бұл Қазақстанның қажылық ғибадатын орындаушы отандастарымызға мейлінше жағдай жасау үшін қарастырылған іс-шаралар.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы республиканың туристік фирмалары ішінен өткен жылы қажылықты ұйымдастыруда жақсы жетістерге қол жеткізіп, қажылар ризашылығына бөленген “TTN” туристік фирмасымен келісім шартқа тұрды. Бұл туристік фирма басшылары алдын ала Мекке, Мадина қалаларында болып, болашақ қажылардың қонақүйі, көлігі мен ас-суына қатысты мәселелерді шешіп қайтты. Қазір олар қажылыққа ниет білдірген үміткерлердің құжаттарын

қабылдап, тиісті дайындық жұмыстарын жүргізуде.

Елімізде қажыларды Алматыдан Жиддаға тікелей алып бару аса қиын мәселе болып отырғанына қарамастан, “TTN” туристік фирмасы бұл мәселені оңды шешу жағын қарастыруда. Осыған байланысты олар отандық “Южная” әуе компаниясымен келісім шартқа тұрып, Алматы-Жидда бағытымен тікелей ұшақ ұшыруды көздеп отыр. Бұл жерде айта кетер бір жайт, қажыларымызды ұшақпен тасымалдау мәселесінде еліміздің Көлік және коммуникация министрлігі, сондай-ақ республикадағы басты әуе компанияларының бірі “AIR-ASTANA” шарасыздық танытты. Осыған байланысты отандық туристік компания әртүрлі жолдармен қажыларды тасымалдауды ұйымдастыруға әрекет жасауда. Жалпы қажылықты ұйымдастырудағы басты мәселе, еліміз азаматтарын Алматы-Жидда бағытымен тікелей тасымалдау. Осыған байланысты республиканың құзырлы мекемелеріне бұл мәселені келешекте оңды шешуді қаперде ұстауды өтінер едік.

Иә, қажылық мерзімі таяп келеді. Сауд Арабиясының Қазақстандағы елшілігі де қажылыққа баруға ниет етіп, тілек білдірушілерге “виза уақыты аяқталып қалды” деп асықтыруда. Ал ағайындар әлі де жайбарақат сияқты. Алматыға келуге мүмкіндігі жоқ алыс облыс, аудан, ауылдағы азаматтардың қажылық тәртібі жайлы өз облыстарындағы өкіл имамдардан сұрап білуіне болады. Бұл жайлы имамдарға күнілгері тапсырылған. Қазір әрбір облыстағы ірі мешіттер осы істі бастап кетті. Үміткерлерге қосымша ескертеріміз, бұл ел аралап, қызықтап, тамашалап қайтар саяхат емес, қажылық Алла тағала алдында парыздарын өтейтін аса жауапты сапар. Оның шарты мен қағидасын орындау ләзім. Бұған тағы бір қосарымыз – қажылыққа барушылар Діни басқарманың қажылық бөлімінің компьютерлік жүйесінен өткені абзал. Ол алғашқы жарық көрген “Қазақстан қажылары” кітап-альбомының келесі томын дайындауға, сол арқылы келешек ұрпаққа қажылық жайлы нақты дерек, шежіре қалдыру үшін де қажет.

Ал енді қажылықтың маңызы, мәні туралы шариғат тұрғысынан түсінік берер болсақ, қажылық Исламдағы бес парыздың бірі. Ол туралы Құран Кәрімде: “Ақиқатына келсек, адамдардың ғибадат етуі үшін тұңғыш салынған үй Меккеде. Бүкіл әлемдегі қасиетті және тура жолға бастайтын үй сол. Ондағы қасиетті белгі Ибраһимнің орны (яғни, Ибраһим халилулланың табанының табы қалған тас). Ол үйге кірген адам еш нәрседен қатерсіз болады. Мұнда келуге мүмкіндігі болған адамның бәрі Алла үшін сол үйді қажылық етуге қарыздар...” (“Әли Имран” сүресі, 96-97-аяттар) делінген. Сонымен бірге хазреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың “Күмәнсіз, Алла тағала сендерге қажылықты парыз етті, қажылықты орындаңыздар” және “Кісі өз үйінен үлкен немесе кіші қажылық парызын орындау үшін сапарға шықса, аяғын адымдап жүрген сайын күнәлары денесінен ағаштан түскен жапырақтар секілді төгіледі. Ал, Мадина қаласына жетіп, менімен амандасса, онымен періштелер де қолын алып амандасады...” деген хадис шәріптері бар. Мұсылман өзінің жан дүниесі күнәдан таза және Жаратқан Раббысының құзырына пәк болып баруды армандайды. Ал, қажылық парызын мүлтіксіз абыроймен орындаған пенденің анадан туылған сәбидей кіршіксіз таза болатындығы жайлы Алла елшісі хазреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыз: “Кімде-кім Алланың үйіне қажылық ғибадатын орындап, онда ешбір күнә немесе жат қылық жасамаса, ол пенде еліне қайтқанда анасынан туылғандағыдай күнәдан пәк болады” деген.

Иә, қажылық мұсылманның өз адал қаражаты және бар болмысымен орындайтын құлшылығы. Бұл ғибадатқа түйірдей атаққұмарлық немесе даңққа бөлену секілді жат ниет араластырмау қажет. Мұсылман қажылық парызын өтеу жолында барша қиыншылықтарға сабырлылық танытқаны үшін пайғамбарымыз (с.ғ.с.): “Аллаһым, қажының күнәсін және қажы дұға еткен пенденің күнәсін кешір”, – деп дұға жасаған.

Мұсылман үмметінің рухани ордасы Мекке. Сондықтан да Мекке барша мұсылман үмметі үшін аса қасиетті де қастерлі. Онда Алла тағаланың үйі – қасиетті Қағбаны тұрғызған Ибраһим (ғ.с.) мен Исмаил (ғ.с.) пайғамбарлар күн кешті. Хазреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыз осы қалада дүниеге келді. Қасиетті Құран Кәрімнің алғашқы сүрелері де осында уахи етілді. Өз Мұхаммедке (с.ғ.с.) пайғамбарлық келген. Осы үшін де Мекке әрбір мұсылман үшін аса қымбат, жүрегіне де соншалық жақын.

Меккеде Исмаил пайғамбар (ғ.с.) сәби кезінде апасы екеуі ғана қалып, шөлден көмейі кеуіп, шыр-шыр етіп жылаған кезінде Алла тағала сәбидің тобығы тиген жерден бұлақ ашады. Исмаилдың (ғ.с.) анасы Хаджар ана тез арада, жан-жаққа жайылып бара жатқан бұлақ көзін қолымен жинай алмай зам-зам (тоқта, тұр) деп дауыстап жібереді. Бұлақ та бір арнаға жиылып тұрып қалады. Сол күннен бастап бұл бұлақ “зам-зам” бұлағы, “зам-зам” суы деп аталып кеткен деседі діни риуаяттар. Бұл оқиғаны өз пайғамбарымыз (с.ғ.с.) есіне алған кезде “Алла тағала Хаджар ананы рахмет етсін, егер ол кісі бұлақты зам-зам деп тоқтатпағанда Меккені су алып кетер еді” деген.

Бұл құм басқан шөлейт зам-зам бұлағы пайда болмайынша ел қоныстайтын мекен емес еді. Қажылыққа барған әрбір мұсылман осы бұлақтың суын ішер алдында Алла тағаладан тілек тілеп дұға етсе, Жаратқан пендесінің дұға-тілектерін қабыл етеді.

Қажылыққа барған мұсылмандар міндетті түрде Мадина қаласына барып, пайғамбарымыздың қабірін зиярат етеді және “Масжид-набауи” (Пайғамбар мешіті) мешітінде намаз оқиды. Аталмыш мешітте оқылған намаздың сауабы жайлы Алла елшісінің (с.ғ.с.): “Менің мешітімде оқылған намаз өзге мешітте оқылған мың намаздан абзал...” деген.

Қажылықты ниет еткен кісі өзі жоқта отбасын ішіп-жемнен тарықтырмайтын, табысы мен мал-мүлкінен зекет және мұқтаждарға садақа беретін, жасаған күнәлері үшін Алла тағаладан кешірім сұрап, тәубеге келген мұсылман болуы құба-құп. Сонымен бірге шарифат талаптарына сай қажылық парызын өтеуге ниет еткен мұсылманның ақыл-есі дұрыс, денсаулығы жақсы, жасы көмелетке толған және қажылық шығынын адал еңбегімен тапқан болуы шарт.

Үстіміздегі жылдың сәуір айында Елбасымыз Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына қарасты облыс имамдарымен кездескен кезде қажылықты ұйымдастыру талап деңгейіне сай болуын тапсырған болатын. Сондықтан да Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы бұл сауапты да, маңызды діни шараға үлкен жауапкершілікпен қарап отыр. Өзінің алқа мәжілісінде қажылыққа дайындық мәселесін талқылап, имамдарға тиісті тапсырмалар берілді. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасымен тікелей жұмыс істейтін туристік фирманы таңдау барысында да оның мүмкіндігі, басшыларының іскерлігі, қажылардың жағдайын жасауға деген талпынысы және қажылықтың сауап іс екенін түсініп, қажылық парызды атқаруға барынша көмек көрсетемін деген ниеттері басшылыққа алынды. “TNN” туристік компаниясының басшылығы биылғы жылғы қажылық науқанында жоғары деңгейде өткіземіз деп құлшыныс білдіріп отыр. Біз де өз тарапымыздан оларға сенім білдіре отырып, талапты да күшейтіп отырмыз. Алла бұйыртса, қажылыққа ниет білдірген бауырларымыз қасиетті Мекке, Мадинаға барып, өздерінің бесінші парызын орындап, аман-есен елге оралады деп сенеміз және Жаратушы иемізден соны сұраймыз.

Әбсаттар қажы Дербісәлі қажылыққа сапар – қасиетті парыз // Егемен Қазақстан. – 2005. – 23 желтоқсан. – 8 б.